

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТІ

**Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) саласы
білім саласы бойынша докторантура бағдарламасына қабылдаудың
алдын-ала
ІРІКТЕУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Дайындау бағыты: 8D101-Денсаулық сақтау

**Білім беру бағдарламаларының тобы: D139 Қоғамдық денсаулық сақтау
D141 Медицина**

Жалпы ереже:

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдаудың жаңа үлгі ережесі (бұдан әрі - Үлгі ережелер) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілді.

2. Магистр дәрежесі бар тұлғалар докторантураның клиникалық емес бағыты бойынша түсуге құқығы бар.

3. Резидентураданы бітірген тұлғалар докторантураның клиникалық бағыты бойынша түсуге құқығы бар.

4. Үлгі ережелерге сәйкес докторантураға қабылдау екі кезеңде жүзеге асырылады: алдын-ала іріктеу және түсу емтихандары. Алдын-ала іріктеу сұхбаттасу арқылы жүргізіледі.

5. Алдын-ала іріктеу комиссиясын университет ректорының бұйрығымен бекітілген комиссия төрағасы басқарады.

6. Алдын ала іріктеу жұмыстары түсу емтихандарынан бұрын жүргізіледі және алдын ала іріктеу тәртібін университет және ЖЖОКБҰ дербес өзі анықтайды (ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы).

7. Комиссия құрамына тәжірибелі ғалымдар кіреді.

8. Денсаулық сақтау саласының докторантурасына түсушілерді алдын ала іріктеу түсу емтихандары басталғанға дейін, күнтізбелік жылғы 1 ақпаннан 15 сәуірге дейін жүргізіледі.

9. Докторантураның білім беру бағдарламалары бойынша оқу үшін өткізілген алдын ала іріктеудің нәтижелері түсу емтиханын тапсыруға рұқсат беру немесе рұқсат бермеу болып табылады.

Алдын ала іріктеу бойынша құжаттарды қабылдау тәртібі және құжаттар тізімі

Докторантураға «магистр» дәрежесі және кемінде 9 ай еңбек өтілі бар немесе медицина мамандықтары бойынша резидентурада оқу бітірген тұлғалар қабылданады.

ҚР БҒМ-нің «Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 ҚР БҒМ бұйрығына сәйкес, докторантураға түсушілер шет тілін меңгерген халықаралық сертификаттарын тапсырады.

Алдын ала іріктеу кезеңінде шетелдік білім беру ұйымдарының берген білім беру құжаттарын тану немесе нострификациялау талап етілмейді.

Алдын ала іріктеу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми-зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін анықтауға бағытталған.

Талапкерлердің құжаттарын қарау және сұхбаттасу нәтижесінің қорытындысына қарай докторантураға түсуші үміткерлерді екінші кезеңге жібереді.

Алдын ала іріктеудің нәтижелерінің шешімі бойынша ақпарат, комиссия отырысынан кейінгі келесі күні жарияланады.

Алдын-ала іріктеу нәтижелері бойынша апелляциялық шағымдар қаралмайды.

Үміткер алдына ала іріктеу емтиханына қатысу үшін құжаттарын ағымдағы жылдың 1 ақпаны мен 10 сәуір аралығында сканерленген құжаттарын med.doktorontura@ayu.edu.kz электронды поштаға жібереді.

Құжаттар тізімі:

1. Мекеме басшысының атына өтініш (қосымша 1).
2. Жеке куәлік (көшірмесі).
3. Жоғары және жоғарғы білімнен кейінгі құжаттар көшірмесі.
4. Түйіндеме (жеке мағлұмат, жұмыс өтілі, білімі, өткен курстары, семинары, біліктілігі жобалары, тілді меңгеруі).
5. Ғылым және ғылыми әдістемелік жариялымдар тізімі, нысаны бойынша (қосымша 2).
6. Диссертациялық зерттеудің аннотациясы орыс/қазақ тілдерінде (қосымша 3).
7. Шет тілін меңгерген халықаралық сертификат

Ескерту: 1. Қажетті құжаттар тізімі толық болмаса құжаттар қабылданбайды.

2. Қосымшаларды <https://talapker.ayu.edu.kz/doktarantura/> сілтемесі арқылы жүктей аласыз.

Құжаттар келесі мекен-жай бойынша қабылданады:

Түркістан қаласы, Б. Саттарханов даңғылы 29, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, №2 ғимарат, 414а кабинет.
Тел: 87759966548.